

Мәшһүр Жүсіп орталық мешіті (2001)



Қайырбаев көшесі, 107

Облыс халқы 2001 жылы үлкен қуанышқа бөленді. Өйткені сол жылы күзде облыс орталығы Павлодар қаласында Мәшһүр Жүсіп атындағы облыстық орталық жаңа мешіт ашылды.

Имандылық үйінің алғашқы тасы 1999 жылдың 23 қазанында қаланды. Мешіт орналасқан алаң 6,2 гектар жерді қамтиды. Ол – қала орталығындағы М.Қайырбаев, Кутузов, Кривенко, Пахомов көшелерінің аралығында орын тепкен. Алаңда алуан түрлі тоғай өсіріліп, көз тартарлықтай көгалдандырылған.

Мешіт аумағы – 48х48 метр. Сегіз қырлы 4 мұнарасы бар және олардың әрқайсысының биіктігі – 63 метрден тұрады. Мешіт күмбезінің биіктігі (айды қоса алғанда) – 54 метрді құрайды. Айдың ұзындығы – 1,20 метр. Мешіттің жалпы ауданы – 7240 шаршы метр. Пайдалы ауданы – 5320 шаршы метр. Оның ішінде 2850 шаршы метр – техникалық қабат, 2850 шаршы метрі – бірінші қабат, 1810 шаршы метрі – екінші қабат, 660 шаршы метрі – үшінші қабат, яғни балкон. Ғимараттың екі қабаты мен мұнаралары кірпіштен салынған, ал күмбезі металдан құрастырылып,

алюкобондпен қапталған.

Ғимарат үш қабаттан тұрады. Бірінші қабатында Құран оқу курсы шәкірттеріне арналған дәріс және демалыс, сүндетке отырғызу бөлмелері, 400 орындық асхана және оның қосалқы бөлмелері орналасқан. Сонымен қатар 500 орындық әйелдер бөлімі, оның ішінде дәрісхана, кітапхана, киім ілетін бөлмелер, дәретханалар, вестибюльдер бар. 4 күмбезге сай 4 қанаттағы сәнді баспалдақтар екінші қабатқа, одан кейін орталық есікке жетелейді. Мешіттің екінші қабатында ер адамдар намаз оқитын 2000 орындық бөлме, балкон, Ислам дінінің және мешіт тарихының мұражайы, кітапхана, бейне залы, имам, наиб имам, мәжіліс, есеп-қисап, неке қию және сәбиге азан шақырып есім беру, Құран оқу бөлмелері мен гардероб, үлкен холл орналасқан.

Мешіттің үшінші қабаты айнала балкон. Одан екінші қабатты шынылы дәлізін, орталық есік және 3,5 тонна салмағы, 434 шамы бар люстрыны тамашалауға болады.

Мешітте әртүрлі тақырыптарда уағыздар қазақ және орыс тілдерінде айтылып, имандылыққа тәрбиелеу шаралары ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар қаланың мекеме, ұйым және кәсіпорындарымен тығыз қарым-қатынас орнатылған. Жыл сайын тұрмысы ауыр жанұялар мен мүгедек, жетім-жесірлерге материалдық әрі рухани көмек көрсетіледі.

Әдебиеттер:

Соколкин, Э.Д. [Мәшһүр Жүсіп атындағы Павлодар қаласының Орталық мешіті] / Э.Д. Соколкин // Соколкин, Э.Д. Қаламыздың көшелері / Улицы нашего города. – Павлодар, 2007. – 325 б.

Ертістің Павлодар өңіріндегі исламның тарихынан. Құжаттар жинағы. – Павлодар: «ЭКО»ҒӨФ. 2001. – 492 с.

Баймұратұлы Б. Рухымызды аспандатқан рухани орталық: [Павлодар қаласындағы Мәшһүр-Жүсіп мешітінің ашылу салтанаты] // Сарыарқа самалы. - 2001. - 28 қыркүйек. - 18 - 20 б.

Мәшһүр Жүсіп атындағы Павлодар қаласының Орталық мешіті //Ертістің Павлодар өңірі / Павлодарское Прииртышье / Pavlodarsoye Priirtyshye. – Павлодар, 2003. – 58 б.

Мәшһүр Жүсіп орталық мешіті // Сарыарқа маржаны Ертістің Павлодар өңірі Павлодарское Прииртышье / Жемчужина Сарыарки / Pavlodar Priirtyshye is a pearl of Saryarka: Фотокнига. – Алматы, 2008. –100 – 103 б.

«Ақ мешіт» мешіті (1905)



Мешіт /1905 ж./

Мешіт Марғұлан көшесінде (бұрынғы Фрунзе к.) 138 үйде, Луначарский көшесінің бұрышында орын алған. Ескі Павлодарда, Татарская Слободка аталған ауданында орналасқан.

1901 жылы қаланың ағаштан жасалған үйлері мен мешіті жанып кеткен. Жанып кеткен ағаш мешіттің (1878 жылы салынған) орнына 1905 жылы ірі саудагер Фаттах Рамазанов өзінің қаржысына мешіт салды. Мешіт құрылысының негізін Семей қаласынан алынды, мұнараның үлгісі сол қаланың екімұнаралық мешітінен алынған. Мешіт биік мұнарамен аяқталған, үшінде күміс ай көрінген. Дәл осы мұнарадан көп жыл бойы молда намаз оқыған. Мұнара 30 жылдардың аяғында бұзылған.

Мешіт ақ түске боялған, сондықтан оны халық арасында «Ақ мешіт» деп атап кеткен. Мешітке алқап тиіп тұрды, ол дуалмен қоршалған.

1938 жылы ғимаратта Пионерлер үйі ашылды, 1939 жылы 1 маусымда мұнда ақындардың бірінші слеті өтті, әдеби үйірмелердің мүшелерін, Қазақстан жазушылар Одағының екінші съезіне делегаттар сайлаған. Соғыс жылдары Жамбыл

атындағы Қазфилармония, 1960 жылдан 80 жылдардың аяғына дейін № 1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі орналасқан.

1989-1990 жылдары қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, айналмалы сатысымен мұнара және ғимараттың алдыңғы жағындағы жоғалған архитектуралық бөлшектер қалпына келтірілді. Сегіз қырлы мұнара биіктігі 35 метр, биік шатыр тәрізді күмбезде орналасқан. Ғимараттың алдыңғы жағындағы негізгі кіру порталдың тікбұрыштық қуысында орналасқан. 1990 жылдан бастап қайта ашылды.

Әдебиеттер:

Баймұратұлы, Б. Көне ғимарат тағдыры: [Павлодар қаласының «Әлкей Марғұлан атындағы «Ақ мешітке – 100 жыл»] / Баймұратұлы // Сарыарқа самалы. – 2005. – 7 маусым. – 6 б.

«Ақ мешіті» // Сарыарқа маржаны Ертістің Павлодар өңірі Павлодарское Прииртышье / Жемчужина Сарыарки / Pavlodar Priirtyshye is a pearl of Saryarka: Фотокнига. – Алматы, 2008. – 102 б.



Марғұлан көшесі, 138

«Бижан» мешіті



1 Май көшесі, 206

1923 жылы Бижан Шоқыбасұлы, ірі малөндіруші, 19 ғасырдың екінші жартыжылдағындағы жебеуші. Саудагер Сорокинда хатшы және аудармашы болып жұмыс істеді. Саудагер іс-әрекетін меңгеріп алып, ол өзі кәсіпкер шаруашылығын ашты. Өзінің еңбексүйгіштігі мен іскерлігінің арқасында көп қаржы жинады. Халықтың құрметіне ие болды. Бижан қайырымдылықпен көп айналысты.

1923 жылы Павлодар қаласында мешіт салды, ол 1991 жылға дейін жалғыз өзі жұмыс істеді (1928-48 жылдары үзілістермен). 1931 жылы Бижан тұтқынға алынды және Қарасуық қаласында түрмеде қайтыс болды. Көп уақытқа дейін Бижанның есіміне тыйым салынды. Бірақ оның мейірімді есімі халықтың есінде болды, Бижанның мешіті, 1 Мамыр 76 үйде орналасқан.

Әдебиеттер:

Баймұратұлы, Б. Бижан мешіті ашылды: [Павлодар қаласында Бижан мешітінің орнына жаңадан салынып бой көтерген имандылық ғимаратының ашылу салтанаты болып өтті] / Б. Баймұратұлы // Сарыарқа самалы, 2005. - 6 қазан. – 1 б.

Әбу Бәкір Сыддық мешіті



Халықтың көптен күткен арманы орындалып, 2008 - жылы Павлодар қаласының 2-Павлодар мөлтек ауданында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы Бас Мүфти Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің қолдау көрсетуімен жаңа мешіт пен медресе бой көтерді. Жасыл күмбез жадырап, алыстан көз жауһарын өзіне тартатындай әсем де шағын мешіт өскелең ұрпақтың көзін ашып, көкірегін оятатын білім ордасы болған медресені жаңадан салып, халықтың арманының жүзеге асуына барша ынта-ықыласымен қаржылай демеушілік етіп атсалысқан Железинка ауданына қарасты Озерный ауылының тумасы Сапаров Абай ағамыз болатын. Әбу Бәкір Сыддық мешіті екі қабаттан тұрады. Үстіңгі қабатта ер кісілер намаз оқитын үлкен зал мен Бас Имамның басқару бөлмесі де орналасқан. Астыңғы қабатта әйел кісілердің намаз

оқитын оңаша залы мен Құран оқытам деушілерге арнайы Құран оқытатын жеке бөлмемен жабдықталған. Сонымен қатар астыңғы қабатта Құран, тәжүид, Фикһ пәндері бойынша діни сауатын ашам деушілерге арнайы бөлмелер мен кітап оқып санасына саңылау ұялатам деушілерге кітапханамен де қамтылған. Оған қоса есепшінің бөлмесі де қарастырылған. Мешіттің жалпы ауданы 408,6 квм. Ғимараттың көлемі 2745. Мешіт Крылов көшесі мен Салтыков-Щедрин көшелерінің арасында, Мүткенов, 52 көшесінің бойында орналасқан. Сондай-ақ,

Павлодар медресесі «Әбу Бәкір Сыддық» мешітінің жанында орналасқандықтан медресенің атын да мешіттің атымен сәйкестіріп, «Әбу Бәкір Сыддық» деп аталуымен қатар 2 жыл 10 айлық білім беру ордасы болып бекітілді.

Әдебиеттер:

Баймұратұлы Б. Павлодарда жетінші мешіт ашылды: [Әбубәкір Сыздық атындағы жаңа мешіт ашылды] // Сарыарқа самалы. - 2008. - 19 тамыз. - 2 б.

Ғазиз мешіті



Кирпичная көшесі, 40

Ғазиз мешіті 1998 жылы ашылды. Мешіт келем деушілерге қолайлы жерде орналасқан. Оны «Жеті ағайын» фирмасы салған. Оның ашылуына Семейден, Астанада, Алматыдан көп қонақтар келді. Соның ішінде Абай ауданы Шыңғыстау ауылынан Абайдың ұрпақтары болды. Мешіттің ашылу рәсіміне КСРО –ның халық әртісі Асанәлі Әшімов, ақын Аманжол Шамкенов қатысты. Мешіттің қабырғасына ағайынды Ахметжановтар әкелерінің рухына мемориалды тақта орнатты.

Әдебиеттер:

Баймұратұлы Б. «Жеті ағайынның» жаңа мешіті // Сарыарқа самалы. - 2000. - 16 қыркүйек. - 2 б.

Ар - Рахман мешіті



Томская көшесі, 67

Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы» діни бірлестігінің Павлодар қалалық мешіті Қазақстан Республикасы Павлодар қ., Томская көшесі, 67, 2001 жылы салынған, № 1156-1945 2001 жылы 13 ақпанда тіркелген.

Сыйымдылығы – 60-70 адам.

Мешіттің имамы: Матиев Алаудин Гириханович, ұлты ингуш, 1960 ж., Павлодар қ. тумасы.

